

Алматы қаласы, Алатау ауданы, Саялы ықшам ауданы, Ақшағыл 41

ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасы

**«ЖШС Бақ-Ислам»
2023–2024 оқу жылына арналған
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ
ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ**

2023 жыл

**ЖШС «Ailin 2021 Айгөлек»
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ
2023–2024 оқу жылы**

№	Т.А.Ә	ЛАУАЗЫМЫ
1	Смагулова Айгуль Султанбековна	Директор
3	Аманшалова А	ЖШС Бақ-Ислам меңгеруші - әдіскер

Қосымша жұмыстар:

- Әдеп бұзушылық болған жағдайда жоспардан тыс отырыстар өткізу;
- Педагогтермен әдептік тренингтер, әңгімелесу, түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- Әдеп нормаларын бұзған қызметкерлерге ұсыныстар мен шешімдер шығару.

Қажетті құжаттар:

- Педагогикалық әдеп кеңесі құрамының бұйрығы
- Кеңес мүшелерінің тізімі
- Әдеп кодексі (үлестірме)
- Хаттамалар, шешімдер, ұсынымдар

ЖШС «Dream kids»

балабақшасының меңгерушісі

Кадиржанов А

СҰРАНЫС ХАТ

Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамына сыртқы тәуелсіз мүше ретінде енгізу туралы

Құрметті Кадиржанов А

ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасы

педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, педагогтардың кәсіби мәдениетін дамыту және білім беру ұйымындағы этикалық ахуалды нығайту мақсатында 2023-2024 оқу жылына Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрылған.

Осыған байланысты кеңес жұмысының ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету мақсатында кеңес құрамына сыртқы тәуелсіз мүшелерді енгізу жоспарлануда.

Сол себепті Сіздің мекемеңізде қызмет атқаратын әдіскер ханымды «ЖШС Бақ-Ислам балабақшасы Педагогикалық әдеп кеңесінің сыртқы тәуелсіз мүшесі ретінде бекітуге келісім беруіңізді сұраймыз.

Сіздің педагогикалық тәжірибеңіз бен кәсіби біліктілігіңіз кеңес жұмысының сапалы жүргізілуіне өз үлесін қосады деп сенім білдіреміз.

ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасының директоры Смагулова А.С

**ЖШС «Ақбота тәрбиелеу және білім беру мекемесі» бөбекжай -
балабақшасының меңгерушісі**

Разакова Н.И

СҰРАНЫС ХАТ

Кандидатты педагогикалық әдеп кеңесінің құрамына ресми бекіту туралы

Құрметті Разакова Н.И

ЖШС «Бақ-Ислам » балабақшасында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, педагогтардың кәсіби мәдениетін дамыту және ұжымдағы этикалық ахуалды нығайту мақсатында 2023-2024 оқу жылына Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрылған.

Осыған байланысты кеңес жұмысының ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін кеңес құрамына сыртқы тәуелсіз мүшелерді енгізу жоспарлануда.

Сол себепті Сізді ЖШС «Бақ-Ислам » балабақшасында Педагогикалық әдеп кеңесінің сыртқы тәуелсіз мүшесі ретінде кеңес құрамына енгізуге келісім беруіңізді сұраймыз.

Сіздің тараптан келісім берілген жағдайда, аталған тұлға педагогикалық әдеп кеңесінің құрамына енгізіліп, тиісті бұйрықпен ресми бекітіледі.

Алдын ала ынтымақтастығыңыз үшін алғыс білдіреміз.

ЖШС «Бақ-Ислам » балабақшасының директоры Смагулова А.С

«Балбөбек» бөбекжай- балабақшасының

меңгерушісі:

Айда Акбараоваға

СҰРАНЫС ХАТ

Кандидатты педагогикалық әдеп кеңесінің құрамына ресми бекіту туралы

Құрметті Айда Акбарова!

ЖШС «Бақ-Ислам » балабақшасында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, педагогтардың кәсіби мәдениетін дамыту және ұжымдағы этикалық ахуалды нығайту мақсатында 2023-2024 оқу жылына Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрылған.

Осыған байланысты кеңес жұмысының ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін кеңес құрамына сыртқы тәуелсіз мүшелерді енгізу жоспарлануда.

Сол себепті Сіздің мекемеңізде қызмет атқаратын әдіскер Сейдалиева Гаухар әдіскер ханымды ЖШС «Бақ-Ислам » балабақшасында Педагогикалық әдеп кеңесінің сыртқы тәуелсіз мүшесі ретінде бекітуге келісім беруіңізді сұраймыз.

Аталған кандидат кеңес отырыстарына қатысып, педагогикалық әдеп мәселелерін қарастыруға, кәсіби пікір білдіруге және кеңес жұмысына тәуелсіз сарапшы ретінде атсалысатын болады.

Сіздің тараптан келісім берілген жағдайда, аталған тұлға педагогикалық әдеп кеңесінің құрамына енгізіліп, тиісті бұйрықпен ресми бекітіледі.

Алдын ала ынтымақтастығыңыз үшін алғыс білдіреміз.

ЖШС «Бақ-Ислам » балабақшасының директоры Смагулова А.С

ЖШС «Күншуақ» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Абдулла Арайлым Спатайқызына

СҰРАНЫС ХАТ

Кандидатты педагогикалық әдеп кеңесінің құрамына ресми бекіту туралы

Құрметті Абдулла Арайлым Спатайқызы!

ЖШС «Бақ-Ислам » балабақшасында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, педагогтардың кәсіби мәдениетін дамыту және ұжымдағы этикалық ахуалды нығайту мақсатында 2023-2024 оқу жылына Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрылған.

Осыған байланысты кеңес жұмысының ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін кеңес құрамына сыртқы тәуелсіз мүшелерді енгізу жоспарлануда.

Сол себепті Сізді ЖШС «Бақ-Ислам » балабақшасында Педагогикалық әдеп кеңесінің сыртқы тәуелсіз мүшесі ретінде кеңес құрамына енгізуге келісім беруіңізді сұраймыз.

Сіздің тараптан келісім берілген жағдайда, сіз педагогикалық әдеп кеңесінің құрамына енгізіліп, тиісті бұйрықпен ресми бекітіледі.

Алдын ала ынтымақтастығыңыз үшін алғыс білдіреміз

ЖШС «Бақ-Ислам » балабақшасының директоры Смагулова А.С

ЖШС «Бақ-Ислам » балабақшасы
БҰЙРЫҚ № 1

Сарапхана елді мекені

«30» тамыз 2023 ж.

**«Педагогикалық әдеп жөніндегі
кеңес құрамын бекіту туралы»**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5-бабы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес, білім беру ұйымында педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ЖШС «Бақ-Ислам » балабақшасында Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес келесі құрамда бекітілсін:

1.1. Кеңес төрағасы: Кадиржанов А

1.2. Кеңес хатшысы: Аманшаова А

Мүшелері:

1.3. Сейдалиева Гаухар—«Балбөбек» бөбекжай балабақшасы Әдіскер

1.4. Утебаева Ойжаркин -«Арсен» бөбекжай- балабақшасы ЖШС Әдіскер

1.5. Усенова Роза - «Хансұлтан» бөбекжай балабақшасы ЖШС Әдіскер

1.6. Абдулла Арайлым Спатайқызы- «Күншуақ» бөбекжай балабақшасы МКҚК, Меңгеруші

2. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары мен Педагогикалық әдеп қағидалары негізінде жүргізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

ЖШС «Бақ-Ислам » балабақшасының директоры Смагулова А.С

Бұйрықпен таныстым:	<u>Усенова Роза</u> (Т.А.Ә)	<u>[Signature]</u> (қолы)	<u>30.08.2023 ж</u> (күні, айы, жылы)
Бұйрықпен таныстым:	<u>Имидиева Димария</u> (Т.А.Ә)	<u>[Signature]</u> (қолы)	<u>30.08.2023 ж</u> (күні, айы, жылы)
Бұйрықпен таныстым:	<u>Фомкасарова Б</u> (Т.А.Ә)	<u>[Signature]</u> (қолы)	<u>30.08.2023 ж</u> (күні, айы, жылы)
Бұйрықпен таныстым:	<u>Сейдахметова Сауат</u> (Т.А.Ә)	<u>[Signature]</u> (қолы)	<u>30.08.2023 ж</u> (күні, айы, жылы)
Бұйрықпен таныстым:	<u>Абдиева Арайлым</u> (Т.А.Ә)	<u>[Signature]</u> (қолы)	<u>30.08.2023 ж</u> (күні, айы, жылы)
Бұйрықпен таныстым:	<u>Иманов Р.</u> (Т.А.Ә)	<u>[Signature]</u> (қолы)	<u>30.08.2023 ж</u> (күні, айы, жылы)

Бекітемін:
«ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасының директоры
Смагулова А.С
2023 жыл

**ЖШС «Айлин 2021 Айгөлек» 2023-2024 оқу жылына арналған
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ ЖОСПАРЫ**

№	Мазмұны	Мерзімі	Өткізу түрі
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің № 1 отырысы 1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту. 2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті 3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті	Қыркүйек	Дөңгелек үстел
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің № 2 отырысы 1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика 3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті 4. «Құқықтық сауаттылық – заман талабы»	Қараша	Дөңгелек үстел
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің № 3 отырысы 1. Педагогтардың құқықтары 2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп этикалық нормалары 3. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау	Қаңтар	Дөңгелек үстел
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің № 4 отырысы 1. Педагог бейнесі 2. Өзінді өзін тәрбиелеу жолдары 3. Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары	Наурыз	Дөңгелек үстел

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ №1 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 13 қыркүйек 2023 жыл

Өткізілген орны: әдістемелік кабинет

Өткізу түрі: дөңгелек үстел

Қатысқандар: педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

Қатыспағандар: жоқ

Кеңес төрайымы: Смагулова А.С

Кеңес хатшысы: Аманшалова А

КҮН ТӘРТІБІ

- 1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту.*
- 2. Педагогтің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.*
- 3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.*

I МӘСЕЛЕ: Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту

Тыңдалды:

Төрайым педагогтің тұлғалық мәдениеті мен кәсіби әдебі білім беру сапасының маңызды құрамдас бөлігі екенін атап өтті. Оның айтуынша, педагогикалық әдеп нормаларын сақтау тек педагогтың жеке мәдениетіне ғана емес, бүкіл білім беру ұйымының беделіне әсер етеді. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес ұжымдағы даулы жағдайларды жазалау мақсатында емес, ең алдымен олардың алдын алу, түсіндіру және тараптарды татуластыру бағытында жұмыс жүргізетінін түсіндірді. Сонымен қатар кеңес жұмысының ашықтығы, әділдігі және бейтараптығы ұжымдағы сенімділік пен өзара құрметті қалыптастыруға ықпал ететінін айтты.

Сөйлегендер:

Усенова Роза – ата-аналардың шағымдарының басым бөлігі көбінесе педагог пен ата-ана арасындағы қарым-қатынас мәдениеті жеткілікті деңгейде сақталмаған жағдайда туындайтынын атап өтті. Сондықтан педагогтарға әдеп нормалары мен қарым-қатынас мәдениетін нақты әрі жүйелі түрде түсіндіру қажет екенін айтты. Сонымен қатар ата-анамен сөйлесу кезінде сабырлы, сыпайы және кәсіби ұстанымда болу кез келген түсінбеушіліктің алдын алуға көмектесетінін жеткізді.

Утебаева Ойжаркин – мектепке дейінгі жастағы балалар педагогтың эмоционалдық жағдайын өте тез қабылдайтынын атап өтті. Егер педагог ашулы немесе дөрекі сөйлесе, бұл баланың психологиялық қорғанысын әлсіретіп, оның өзіне деген сеніміне кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан педагог өз эмоциясын бақылап, сабырлы әрі байсалды қарым-қатынас үлгісін көрсетуі тиіс екенін айтты.

Копжасарова Бакытжамал – педагогикалық әдеп кеңесінің жұмысы мүмкіндігінше алдын алу және түсіндіру сипатында болуы қажет екенін

айтты. Оның пікірінше, туындаған мәселелерді бірден қатаң шаралар қолдану арқылы емес, алдымен әңгімелесу, түсіндіру және өзара келісім арқылы шешу тәжірибеде тиімді нәтиже береді. Бұл ұжымдағы сенімділік пен сыйластықты сақтауға көмектеседі.

Сейдалиева Гаухар— педагогикалық әдеп кеңесіне түскен барлық өтініштер мен ұсыныстар міндетті түрде тіркеу журналына жазылуы тиіс екенін атап өтті. Құжаттарды дұрыс рәсімдеу кеңес жұмысының ашықтығы мен тәртібін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар әрбір өтініш белгіленген мерзім ішінде қаралуы керек екенін ескертті.

Абдулла Арайлым Спатайқызы— педагогикалық әдеп нормаларын сақтау үшін алдын алу жұмыстарының маңызы зор екенін айтты. Осы мақсатта педагогтерге тұрақты түрде түсіндіру семинарларын, пікірталастар мен тренингтер ұйымдастыру қажет екенін ұсынды. Мұндай жұмыстар педагогтардың кәсіби мәдениетін арттырып, ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруға ықпал етеді.

ШЕШІМІ:

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі бекітілсін.
2. Шағымдарды қарау кезінде татуластыру және түсіндіру тәсілі басым қолданылсын.
3. Өтініштер тіркеу журналы арқылы рәсімделсін.

II МӘСЕЛЕ: Педагогтің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті

Тыңдалды:

Аргынбаева Алия Талгатовна педагогтің сыртқы бейнесі баланың мінез-құлқына және қабылдауына тікелей әсер ететін маңызды фактор екенін атап өтті. Оның айтуынша, мектепке дейінгі жастағы балалар педагогты үлгі ретінде қабылдайды, сондықтан педагогтың ұқыпты, жинақы және мәдениетті болуы тәрбиенің бір бөлігі болып саналады. Педагогтың киім үлгісі, өзін ұстауы, тазалығы мен сыртқы келбеті баланың эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар педагогтың кәсіби бейнесі ата-аналардың білім беру ұйымына деген сенімі мен көзқарасын қалыптастыратыны ерекше айтылды.

Сөйлегендер:

Аргынбаева Алия Талгатовна – мектепке дейінгі ұйым жағдайында балалармен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік талаптары бірінші орында тұратынын атап өтті. Ол ұзын тырнақ, өткір немесе көлемді әшекей бұйымдар балаларға күтпеген жағдайда жарақат келтіруі мүмкін екенін түсіндірді. Сонымен қатар балалардың ойнау, қозғалу кезінде педагогпен тығыз қарым-қатынаста болатынын ескере отырып, мұндай заттардан мүмкіндігінше бас тарту қажеттігін айтты. Педагогтың сыртқы келбеті тек әдемілік емес, сонымен қатар қауіпсіздік пен ыңғайлылық талаптарына да сәйкес болуы тиіс екенін атап өтті.

Усенова Роза— ата-аналар білім беру ұйымына алғаш келгенде ең алдымен педагогтың сыртқы мәдениетіне, өзін ұстауына және қарым-қатынас әдебіне назар аударатынын айтты. Педагогтың жинақы, ұқыпты және іскерлік стилі ата-аналардың сенімін арттырып, балабақша беделінің

қалыптасуына оң әсер етеді. Ол педагогтың сыртқы келбеті арқылы кәсіби жауапкершілігі мен тәртібі көрінетінін, сондықтан әр педагог өзінің сыртқы бейнесіне ерекше мән беруі қажет екенін атап өтті.

Утебаева Ойжаркин— ұжымда бірыңғай дресс-кодтың болуы педагогикалық мәдениетті қалыптастыруға және ұйымның имиджін көтеруге ықпал ететінін айтты. Оның пікірінше, біркелкі стиль педагогтардың кәсіби бейнесін айқындап, ұжымда тәртіп пен үйлесімділік орнатады. Сонымен қатар бірыңғай талаптардың болуы педагогтар арасында жауапкершілікті арттырып, балалар мен ата-аналар алдында ұйымның біртұтас мәдениетін көрсетеді.

Сейдалиева Гаухар— мектепке дейінгі ұйым жағдайында педагогтың аяқ киімі қауіпсіз, ыңғайлы және таза болуы міндетті екенін атап өтті. Балалармен бірге үнемі қозғалыста болатын педагог үшін биік өкшелі немесе ыңғайсыз аяқ киім жұмысқа кедергі келтіруі мүмкін. Сонымен қатар педагогтың шаш үлгісі де жинақы болуы тиіс, себебі бұл балалармен жұмыс барысында ыңғайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Абдулла Арайлым Спатайқызы— педагогтың киім үлгісі қарапайым, жинақы және бейтарап болуы керектігін атап өтті. Ашық, тым жарқын немесе көзге ерекше түсетін киімдер балалардың назарын негізгі оқу әрекетінен бөліп, олардың зейінінің тұрақсыз болуына әсер етуі мүмкін. Сондықтан педагогтың сыртқы келбеті балалардың назарын өзіне емес, оқу-тәрбие процесіне бағыттауға мүмкіндік беретіндей болуы қажет екенін айтты.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшада педагогикалық дресс-код талаптары сақталсын.
2. Қауіпсіздікке қарсы келетін элементтерге жол берілмесін.

ІІІ МӘСЕЛЕ: Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті

Тыңдалды:

Төрайым педагогикалық әдеп нормаларын сақтау педагогтің кәсіби жауапкершілігінің маңызды бөлігі екенін атап өтті. Оның айтуынша, педагогикалық әдеп – тек тәртіп ережесі емес, ол балалар үшін қауіпсіз, жайлы және сенімді психологиялық орта қалыптастыруға бағытталған. Педагогтың әрбір сөзі, әрекеті және қарым-қатынасы бала тұлғасының қалыптасуына әсер етеді. Сондықтан педагог әрқашан сыпайылық, сабырлылық және әділдік қағидаларын ұстануы тиіс екені айтылды. Сонымен қатар педагогикалық әдеп нормаларын сақтау білім беру ұйымындағы өзара сыйластық пен кәсіби мәдениетті нығайтатыны атап өтілді.

Сөйлегендер:

Аргынбаева Алия Талгатовна – балалардың тұлғалық дамуы мен өзін-өзі бағалауы педагогтың қарым-қатынасына тікелей байланысты екенін атап өтті. Ол баланы көпшілік алдында сынау немесе кемшілігін ашық айту баланың өзіне деген сенімін төмендетіп, оның эмоционалдық жағдайына кері әсер ететінін айтты. Сондықтан баланың қателіктерін түзету кезінде педагог сабырлы әрі жеке түрде түсіндіру тәсілін қолдануы қажет екенін жеткізді. Сонымен қатар ата-анамен сөйлесу барысында да туындаған мәселені көпшілік алдында емес, жеке кездесуде талқылау дұрыс әрі тиімді болатынын атап өтті.

Усенова Роза— қазіргі уақытта әлеуметтік желілердің кең таралуына байланысты педагогтардың ондағы мінез-құлқы да кәсіби мәдениеттің бір бөлігі болып саналатынын айтты. Педагог әлеуметтік желіде мекеме туралы немесе әріптестері жайлы беделіне нұқсан келтіретін жазбалар жарияламауы тиіс екенін атап өтті. Сонымен қатар қызметтік мәселелерді немесе балалар туралы ақпаратты жариялау этикалық нормаларға қайшы келетінін түсіндірді.

Утебаева Ойжаркин— ұжымдағы кәсіби қарым-қатынастың сапасы педагогикалық әдептің сақталуына тікелей байланысты екенін айтты. Оның пікірінше, әріптестер арасында өзара қолдау, түсіністік және сыйластық болған жағдайда ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптасады. Бұл өз кезегінде педагогтардың жұмыс тиімділігін арттырып, балаларға көрсетілетін тәрбиелік ықпалдың сапасын жақсартады.

Сейдалиева Гаухар— қызметтік ақпараттың құпиялылығы педагогикалық әдептің маңызды талаптарының бірі екенін ескертті. Ол білім беру ұйымындағы ішкі мәселелерді, құжаттарды немесе балалар туралы мәліметтерді жариялау этикалық нормаларды бұзу болып саналатынын атап өтті. Сондықтан әр педагог қызметтік ақпаратпен жұмыс істеген кезде жауапкершілікпен қарап, құпиялылық қағидаларын сақтауы тиіс екенін айтты.

Абдулла Арайлым Спатайқызы— педагогикалық әдеп нормаларын сақтауда алдын алу жұмыстарының рөлі ерекше екенін айтты. Осы мақсатта педагогтарға арналған арнайы тренингтер мен тәжірибелік семинарлар ұйымдастыру тиімді болатынын ұсынды. Әсіресе «қиын ата-анамен сөйлесу» тақырыбындағы тренинг педагогтарға күрделі жағдайларда дұрыс қарым-қатынас орнатуға көмектесетінін атап өтті.

ШЕШІМІ:

1. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау міндетті деп танылсын.
2. Алғашқы бұзушылықта түсіндіру, қайталанса кеңесте қарау қолданылсын.
3. Педагогтерге профилактикалық семинар ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы: Смагулова А.С
Кеңес хатшысы: Аманшалова А

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ №2 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 15 қараша 2023 жыл

Өткізілген орны: әдістемелік кабинет

Өткізу түрі: дөңгелек үстел

Қатысқандар: педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

Қатыспағандар: жоқ

Кеңес төрайымы: Смагулова А.С

Кеңес хатшысы: Аманшалова А

КҮН ТӘРТІБІ

- 1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау.*
- 2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика.*
- 3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.*
- 4. «Құқықтық сауаттылық – заман талабы».*

I МӘСЕЛЕ: Жеке фотосуреттер мен бейнелерді жариялау кезіндегі этикалық нормаларды сақтау.

Тыңдалды:

Төрайым қазіргі уақытта білім беру ұйымдарында фото және бейнематериалдарды пайдалану жиілегенін атап өтті. Осыған байланысты балалардың жеке деректері мен бейнесін қорғау педагогтің кәсіби және құқықтық жауапкершілігі екенін түсіндірді. Балалардың фотосуреттері мен бейнелерін жариялау кезінде олардың қауіпсіздігі, психологиялық жағдайы және ата-аналардың келісімі міндетті түрде ескерілуі тиіс екені айтылды. Сонымен қатар жарияланымдар білім беру ұйымының тәрбиелік және ақпараттық мақсатына сай болуы керектігі атап өтілді.

Сөйлегендер:

Аргынбаева Алия Талгатовна – балалардың фотосуреттері мен бейнелерін жариялау кезінде ата-аналардың жазбаша келісімін алу міндетті талап екенін атап өтті. Ата-ананың рұқсатынсыз баланың бейнесін әлеуметтік желілерде немесе басқа ақпараттық платформаларда жариялау заң талаптарын бұзу болып саналатынын айтты. Сонымен қатар кейбір балалар камера алдында өздерін еркін сезінбеуі мүмкін екенін, бұл олардың психологиялық жай-күйіне әсер етуі ықтимал екенін түсіндірді.

Усенова Роза– фото және бейнематериалдарды жариялау кезінде ашық және жабық жарияланымдардың айырмашылығын сақтау қажеттігін атап

өтті. Яғни, кейбір материалдар тек ата-аналарға арналған жабық топтарда немесе ішкі платформаларда жариялануы тиіс екенін айтты. Ал көпшілікке жарияланатын материалдарда балалардың жеке деректері толық көрсетілмеуі және қауіпсіздік талаптары сақталуы қажет екенін жеткізді.

Утебаева Ойжаркин— баланың жағымсыз эмоциясы, жылауы немесе қолайсыз жағдайдағы бейнесі бар видеоларды жариялауға болмайтынын атап өтті. Мұндай материалдар баланың психологиялық жағдайына кері әсер етуі мүмкін және оның абыройына нұқсан келтіруі ықтимал екенін айтты. Сондықтан жарияланатын материалдар баланың жағымды эмоциясын, жетістіктерін және тәрбиелік әрекеттерін көрсетуі тиіс екенін жеткізді.

Сейдалиева Гаухар— балалардың дербес деректерін қорғау нормаларын сақтау педагогтардың міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Баланың аты-жөні, жеке мәліметтері немесе басқа да деректер жарияланған жағдайда олардың қауіпсіздігіне ерекше назар аудару қажет екенін айтты. Сонымен қатар әрбір педагог дербес деректерді қорғау талаптарын сақтауға жауапты екенін ескертті.

Абдулла Арайлым Спатайқызы— жарияланатын фото және бейнематериалдар білім беру ұйымының оң имиджін қалыптастыруға қызмет етуі тиіс екенін айтты. Әлеуметтік желілерде немесе ресми парақшаларда жарияланатын материалдар тәрбиелік мазмұнға ие болып, ұйымның жұмысы мен жетістіктерін көрсетуі қажет екенін атап өтті.

ШЕШІМІ:

1. Фото және бейнематериал ата-ананың жазбаша келісімімен ғана жарияланады.
2. Баланың ар-намысына тиетін материал жарияланбайды.
3. Әлеуметтік желіде жариялау тәртібі бекітіледі.

II МӘСЕЛЕ: Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика

Тыңдалды:

Төрайым педагогикалық тактика педагогтың кәсіби мәдениетінің маңызды бөлігі екенін атап өтті. Оның айтуынша, педагогикалық тактика – бала тұлғасын құрметтеу, оның ерекшеліктерін ескеру және тәрбиелік ықпалды дұрыс тәсілдер арқылы жүзеге асыру болып табылады. Педагог баламен қарым-қатынас кезінде оның жас ерекшелігін, эмоционалдық жағдайын және жеке қабілеттерін назарда ұстауы қажет. Сонымен қатар педагогтың сабырлылығы, әділдігі және түсіністік танытуы балада сенім қалыптастырып, тәрбиелік жұмыстың тиімділігін арттыратыны айтылды.

Сөйлегендер:

Аргынбаева Алия Талгатовна – педагогикалық тәжірибеде балаларға бұйрық беру немесе қатаң талап қоюдан гөрі, оларды ынталандыру мен қолдау көрсету тәсілдері әлдеқайда тиімді нәтиже беретінін атап өтті. Баланың жетістігін мадақтау, оның әрекетін дұрыс бағыттау арқылы тәртіпті қалыптастыруға болатынын айтты. Сонымен қатар ата-анамен сөйлесу

кезінде де педагог сабыр сақтап, түсіністік танытуы маңызды екенін, бұл өзара сенімді нығайтуға көмектесетінін жеткізді.

Усенова Роза— педагог баланың қателігін көпшілік алдында айтудан аулақ болуы керек екенін атап өтті. Егер балаға ескерту жасау қажет болса, оны жеке түрде, сабырлы әрі түсіндіру тәсілі арқылы жеткізу тиімді болатынын айтты. Мұндай тәсіл баланың өзін төмен сезінуіне жол бермей, оның дұрыс әрекет жасауына ықпал етеді.

Утебаева Ойжаркин— педагогикалық тәжірибеде балаға таңдау мүмкіндігін беру әдісі тәртіпті жақсартуға көмектесетінін айтты. Мысалы, балаға бірнеше дұрыс әрекеттің ішінен таңдау ұсыну арқылы оның жауапкершілігін арттыруға болады. Бұл әдіс баланың өзін еркін сезінуіне және тәртіпті өз еркімен сақтауға үйретеді.

Сейдалиева Гаухар— педагогтың эмоциясын басқару қабілеті оның кәсіби шеберлігінің маңызды көрсеткіші екенін атап өтті. Баламен жұмыс барысында түрлі жағдайлар туындауы мүмкін, сондықтан педагог әрқашан сабырлы, байсалды және ұстамды болуы қажет. Эмоцияны дұрыс басқару баламен сенімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Абдулла Арайлым Спатайқызы— қазіргі тәрбиелік жұмыста позитивті тәрбие тәсілдерінің тиімді екенін айтты. Педагог баланың жақсы әрекеттерін қолдап, оны мадақтау арқылы дұрыс мінез-құлықты қалыптастыра алады. Мұндай әдіс баланың өзіне деген сенімін арттырып, оның тұлғалық дамуына оң әсер етеді.

ШЕШІМІ:

1. Баланы көпшілік алдында жазаламау.
2. Ынталандыру және қолдау әдістерін қолдану.
3. Қиын жағдайды әңгімелесу арқылы шешу.

III МӘСЕЛЕ: Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті

Тыңдалды:

Төрайым педагогтың сөйлеу мәдениеті тәрбиелік жұмыстың маңызды бөлігі екенін атап өтті. Педагогтың айтқан әрбір сөзі, дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері баланың өзін-өзі бағалауына және эмоционалдық жағдайына әсер ететінін айтты. Сондықтан педагог балалармен және ата-аналармен сөйлесу кезінде әдептілік, сыпайылық және сабырлылық қағидаларын сақтауы қажет. Сонымен қатар дұрыс әрі мәдениетті сөйлеу педагогтың кәсіби беделін арттырып, білім беру ұйымында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға ықпал ететіні атап өтілді.

Сөйлегендер:

Аргынбаева Алия Талгатовна — педагогтың дауыс ырғағы мен интонациясы балаға деген қарым-қатынасты айқын көрсететінін атап өтті. Жағымды, жылы интонация баланың педагогқа деген сенімін арттырып, оның өзін еркін сезінуіне көмектеседі. Сонымен қатар ата-анамен сөйлесу кезінде ресми әрі сыпайы тіл қолдану қажет екенін, бұл педагогтың кәсіби мәдениетін көрсететінін айтты.

Усенова Роза— педагог балалармен сөйлесу барысында бұйрық беру тәсілінен гөрі ұсыныс немесе түсіндіру тәсілін қолдану тиімді екенін жеткізді. Мұндай қарым-қатынас баланың өзін сыйланған тұлға ретінде сезінуіне ықпал етеді. Сонымен қатар балаға түсінікті, қарапайым әрі мейірімді сөздерді қолдану тәрбиелік жұмыстың нәтижесін арттыратынын айтты.

Утебаева Ойжаркин— педагогтардың сөйлеу мәдениеті ұжымдағы жалпы қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына әсер ететінін атап өтті. Егер ұжымда педагогтар бір-бірімен сыпайы, мәдениетті сөйлессе, бұл балалар мен ата-аналарға да үлгі болады. Сондықтан әр педагог өзінің сөйлеу мәнеріне үнемі назар аударып отыруы қажет екенін айтты.

Сейдалиева Гаухар— педагогикалық қызмет барысында әдепке жат, дөрекі немесе балаға ауыр тиетін сөздерді қолдануға болмайтынын ескертті. Мұндай сөздер баланың психологиялық жағдайына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан педагог әрқашан сабырлы, байсалды және мәдениетті сөйлеу дағдысын ұстануы тиіс екенін атап өтті.

Абдулла Арайлым Спатайқызы— мектепке дейінгі жастағы балалар педагогтың сөзін, сөйлеу мәнерін және қолданатын сөз тіркестерін жиі қайталайтынын айтты. Сондықтан педагогтың дұрыс әрі мәдениетті сөйлеуі балалардың тіл мәдениетінің қалыптасуына оң ықпал етеді. Бұл балалардың өзара қарым-қатынасында да әдептілік пен сыпайылықтың дамуына көмектеседі.

ШЕШІМІ:

1. Дөрекі сөйлеуге жол бермеу.
2. Педагогикалық сөйлеу мәдениетін сақтау.
3. Сөйлеу мәдениеті бойынша семинар өткізу.

IV МӘСЕЛЕ: «Құқықтық сауаттылық – заман талабы»

Тыңдалды:

Сейдалиева Гаухар педагог құқықтары мен міндеттерін білу кәсіби қорғаныс екенін айтты.

Сөйлегендер:

Аргынбаева Алия Талгатовна – заңды білу негізсіз шағымды азайтады деді. Құқықтық білім конфликтіні азайтады деді.

Усенова Роза— құжаттарды дұрыс жүргізу маңызды деді.

Утебаева Ойжаркин – нұсқаулықпен танысу қажет деді.

Абдулла Арайлым Спатайқызы— құқықтық бұрыш ұйымдастыру ұсынылды.

ШЕШІМІ:

1. Құқықтық ақпараттық бұрыш ұйымдастыру.
2. Педагогтерге құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
3. Жылына кемінде 1 құқықтық семинар өткізу.

Кеңес төрайымы:  Смагулова А.С

Кеңес хатшысы:  Аманшалова А

ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасы
**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ №3 ОТЫРЫСЫНЫҢ
ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 10 қаңтар 2024 жыл

Өткізілген орны: әдістемелік кабинет

Өткізу түрі: дөңгелек үстел

Қатысқандар: педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

Қатыспағандар: жоқ

Кеңес төрайымы: Смагулова А.С

Кеңес хатшысы: Аманшалова А

КҮН ТӘРТІБІ

- 1. Педагогтардың құқықтары**
- 2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары**
- 3. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау**

I МӘСЕЛЕ: Педагогтардың құқықтары

Тыңдалды:

Төрайым педагог кәсібі тек міндеттер жиынтығы емес, оның заңмен қорғалатын нақты құқықтары бар екенін атап өтті. Педагог баламен жұмыс барысында өзінің кәсіби шешімін қабылдауға, қауіпсіз еңбек жағдайына, ата-ананың құрметіне және негізсіз айыптаулардан қорғануға құқылы. Сонымен қатар педагогке психологиялық қысым көрсетуге, әлеуметтік желіде беделін түсіруге немесе бейнежазба арқылы бақылауға жол берілмейтіні түсіндірілді. Педагог өз құқығын білмесе, конфликт жағдайында өзін қорғай алмайтыны ерекше айтылды.

Сөйлегендер:

Аргынбаева Алия Талгатовна педагог ата-анамен қарым-қатынаста тең құқықты тұлға екенін, педагог пікірін жоққа шығару немесе көпшілік алдында сынау кәсіби этиканы бұзатынын кеңінен түсіндірді. Сонымен бірге ата-ана талаптары білім беру стандартына қайшы келсе, педагог оны орындамауға толық құқылы екенін атап өтті.

Сейдалиева Гаухар педагогтың құқығын қорғауда құжат жүргізудің маңызына тоқталып, әр жағдай акті, түсініктеме және тіркеу арқылы рәсімделуі керектігін айтты. Құқықтық сауаттылық педагогты эмоционалды емес, заңды жолмен әрекет етуге үйрететінін мысалдармен түсіндірді.

ШЕШІМІ:

1. Педагогтардың құқықтары ұжымға түсіндірілсін
2. Құқықтық ақпарат бұрышы толықтырылсын

3. Даулы жағдайлар тек ресми тіркеу арқылы қаралсын

II МӘСЕЛЕ: Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары

Тыңдалды:

Төрайым педагог кез келген ортада – балабақшада, көшеде, әлеуметтік желіде – қоғам алдында педагог болып қалатынын айтты. Оның мінез-құлқы, сөйлеуі, дауыс ырғағы мен пікірлері мекеме беделіне тікелей әсер етеді. Әсіресе ата-аналар мен балалар қатысқан ортада дауыс көтеру, дөрекі жауап қайтару немесе әріптесті сынау педагог беделін төмендететіні айтылды. Педагог өз эмоциясын басқару арқылы кәсіби мәдениетін көрсетеді.

Сөйлегендер:

Аргынбаева Алия Талгатовна балалар педагогтың мінез-құлқын қайталайтынын, сондықтан қоғамдық жерде ұстамсыздық көрсету тәрбиелік тұрғыдан зиян екенін кеңінен түсіндірді. Бала қауіпсіздігін сезіну үшін педагогтың тұрақты әрі байсалды болуы маңызды екенін атап өтті.

Усенова Роза әлеуметтік желідегі пікірлерге ерекше тоқталып, ата-ана немесе мекеме жайлы ашық жазбалар қалдыру кәсіби этикаға қайшы келетінін мысалдармен баяндады. Педагогтың жеке парақшасы болса да, ол қоғам алдында педагог болып қалатынын айтты.

ШЕШІМІ:

1. Қоғамдық ортада педагогикалық әдеп сақтау міндетті
2. Әлеуметтік желідегі жазбаларға бақылау күшейтілсін
3. Ұжымдық мәдениет талаптары қайта таныстырылсын

III МӘСЕЛЕ: Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау

Тыңдалды:

Төрайым педагогикалық әдеп ұжымда бір реттік талап емес, тұрақты қалыптасатын мәдениет екенін айтты. Әдеп сақталуы үшін бақылаудан бұрын түсіндіру, қолдау және ортақ талап болуы қажет. Әр педагог баламен, ата-анамен және әріптеспен қарым-қатынаста бірдей ұстанымды қолданғанда ғана тұрақты психологиялық орта қалыптасады. Әдеп бұзушылықтың алдын алу – жазалаудан тиімді екені атап өтілді.

Сөйлегендер:

Аргынбаева Алия Талгатовна ұжымда бірдей талап болмаса, ата-ана педагогтарды салыстырып, конфликт туындайтынын айтып, бірыңғай қарым-қатынас стандартын енгізу қажеттігін түсіндірді. Педагог бірін-бірі көпшілік алдында түзетпеуі керектігін ерекше атап өтті.

Сейдалиева Гаухар профилактикалық әңгіме мен тренингтер ұжымдағы эмоционалдық қысымды төмендететінін, нәтижесінде балаларға да жайлы орта қалыптасатынын дәлелдеді.

ШЕШІМІ:

1. Әдеп бойынша бірыңғай талап енгізілсін
2. Ай сайын профилактикалық түсіндіру жұмысы жүргізілсін
3. Қиын жағдайлар алдымен әңгімелесу арқылы шешілсін

Кеңес төрайымы: Смагулова А.С
Кеңес хатшысы: Аманшалова А

ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ №4 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 13 наурыз 2024 жыл

Өткізілген орны: әдістемелік кабинет

Өткізу түрі: дөңгелек үстел

Қатысқандар: педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

Қатыспағандар: жоқ

Кеңес төрайымы: Смагулова А.С

Кеңес хатшысы: Аманшалова А

КҮН ТӘРТІБІ

- 1. Педагог бейнесі*
- 2. Өзінді өзің тәрбиелеу жолдары*
- 3. Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары*

I МӘСЕЛЕ: Педагог бейнесі

Тыңдалды:

Төрайым педагог бейнесі тек сыртқы келбеттен тұрмайтынын, ол сөйлеу мәдениеті, мінез-құлық, эмоцияны басқару және кәсіби жауапкершіліктің жиынтығы екенін кеңінен түсіндірді. Бала педагогты үлгі ретінде қабылдайтындықтан оның әрбір әрекеті тәрбиелік мәнге ие болады. Педагогтың әділдігі, сабырлылығы және тұрақтылығы балалардың сенімін қалыптастырады, ал ұстамсыздық керісінше қорқыныш тудырады. Сонымен қатар педагог бейнесі ата-ананың білім беру ұйымына деген көзқарасына тікелей әсер ететіні айтылды.

Сөйлегендер:

Аргынбаева Алия Талгатовна педагог бейнесі ұжымдағы бірізді талап арқылы қалыптасатынын, әр педагогтың жеке стилі болғанымен ортақ мәдениет сақталуы керектігін атап өтті. Педагог көпшілік алдында әріптесін сынамауы және кәсіби мәселелерді балалардың көзінше талқыламауы қажет екенін мысалдармен түсіндірді.

Бала педагогтың дауыс ырғағын, эмоциясын, тіпті мимикасын қайталайтынын айтып, тұрақты позитивті қарым-қатынас бала психикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ететінін дәлелдеді.

ШЕШІМІ:

1. Педагогтың кәсіби бейнесіне қойылатын бірыңғай талаптар сақталсын

2. Балалардың көзінше педагогтар арасында кәсіби талқылау жүргізілмесін

II МӘСЕЛЕ: Өзінді өзін тәрбиелеу жолдары

Тыңдалды:

Төрайым Копжасарова Бакытжамал Шегирбековна педагог ең алдымен өзін тәрбиелейтін тұлға болуы тиіс екенін атап өтті. Оның айтуынша, педагогикалық қызмет тек балаларды тәрбиелеумен шектелмейді, сонымен қатар педагогтың өзінің тұлғалық дамуы мен кәсіби мәдениетін жетілдіруді де талап етеді. Өзін-өзі бақылау, эмоцияны басқару, дауыс ырғағын реттеу және кәсіби рефлексия педагогикалық шеберліктің негізгі құрамдас бөліктері болып табылады. Педагог баладан талап ететін қасиеттерді алдымен өзі көрсетуі қажет: сабырлылық, жауапкершілік, ұқыптылық және мәдениеттілік. Сонымен қатар өзін дамыту – үздіксіз жүретін процесс екені, әр педагог өз білімін жетілдіріп, кәсіби дағдыларын тұрақты түрде дамытуы тиіс екені айтылды.

Сөйлегендер:

Аргынбаева Алия Талгатовна — педагогтың эмоционалдық тұрақтылығы оның кәсіби қызметінде маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Кей жағдайда жұмыс барысында түрлі қиындықтар немесе күйзеліс жағдайлары туындауы мүмкін. Осындай сәттерде педагог тыныс алу жаттығуларын қолдану, қысқа уақытқа кідіріс жасау немесе назарды басқа әрекетке аудару сияқты қарапайым тәсілдерді пайдалану арқылы өз эмоциясын реттей алатынын түсіндірді. Бұл тәсілдер педагог пен бала арасындағы немесе педагог пен ата-ана арасындағы түсінбеушіліктердің алдын алуға көмектесетінін айтты.

Усенова Роза— педагогтың кәсіби дамуы үшін өзінің күнделікті жұмысына талдау жасап отырудың маңызы зор екенін атап өтті. Педагог әр өткізген оқу қызметінен кейін өз әрекетін бағалап, қандай тәсілдер тиімді болғанын, қай тұстарда қателік жіберілгенін саралап отырса, оның кәсіби деңгейі біртіндеп артады. Сонымен қатар өзін-өзі бағалау және өз жұмысын талдау педагогтың жауапкершілігін арттырып, кәсіби мәдениетінің қалыптасуына оң әсер ететінін айтты.

ШЕШІМІ:

1. Педагогтерге өзін-өзі реттеу тәсілдері бойынша тренинг ұйымдастырылсын
2. Әр педагог айына кемінде бір рет кәсіби рефлексия жүргізсін

III МӘСЕЛЕ: Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары

Тыңдалды:

Төрайым педагог қоғам алдында әрқашан педагог болып қалатынын атап өтті. Әлеуметтік желіде жазылған пікір, фото немесе видео мекеме беделіне әсер етеді. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық балалар мен ата-аналар тарапынан бақылауда болатыны және ол кәсіби беделдің көрсеткіші екені түсіндірілді. Педагог қызметтік ақпаратты жарияламауы, бала туралы

деректерді таратпауы және мекеме ішкі мәселелерін ашық талқыламауы қажет екені айтылды.

Сөйлегендер:

Сейдалиева Гаухар әлеуметтік желідегі жазбалар заңдық жауапкершілікке әкелуі мүмкін екенін, сондықтан әр жарияланым алдында оның салдарын ойлау керектігін түсіндірді.

Утебаева Ойжаркин қоғамдық жерде педагогтың дауыс көтеруі немесе дөрекі сөйлеуі ата-аналардың сенімін төмендететінін тәжірибеден мысалдармен жеткізді.

ШЕШІМІ:

1. Әлеуметтік желіде жариялау мәдениеті сақталсын
2. Қызметтік ақпарат пен балалар деректері жарияланбасын
3. Қоғамдық орындарда педагогикалық әдеп талаптары қатаң сақталсын

Кеңес төрайымы: Смагулова А.С

Кеңес хатшысы: Аманшалова А